

«Адамның үйлесімді дамуы  
ұлттық институты» КеАҚ  
Ғылыми-әдістемелік Кеңесі  
2023 жылғы 15 тамыз  
№ 4 хаттамасымен бекітілді

**Орта білім беру үйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту  
жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша  
әдістемелік ұсынымдар**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Орта білім беру үйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе занды өкілдерді (бұдан әрі – ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселеінің бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшету, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында әзірленді.

2. Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

- 1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды үйымдастыру;
- 2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру үйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- 3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

**2-тaraу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды  
педагикалық қолдауды үйымдастыру тәртібі**

3. Орта білім беру үйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті үйымдастыру Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен (бұдан әрі – Орталық) келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

- 1) орта білім беру үйымы басшының балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға педагогикалық қолдауды үйымдастыру бұйрығын шығару;
- 2) Орталық қызметін үйымдастыруды басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады, ол:
  - мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
  - сынып жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің және қосымша білім педагогтерінің мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін іске асыру және мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қызметтерін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

- мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін жоспарлау кезінде осы әдістемелік ұснынымдарға 1-қосымшада баяндалған ата-аналарға арналған сабактардың ұснынылатын бағдарламасын (бұдан әрі – бағдарлама) басшылыққа алады, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

- ұснынылатын бағдарламаға сәйкес оқу жылына арналған сабак кестесін құрады.

3) ата-аналарға арналған педагогикалық қолдауды «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша оқудан өткен сыйып жетекшілері, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша білім педагогтері жүзеге асырады;

4) ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып, ұснынылатын бағдарламаның 30 % - на дейінгі көлемде сабактардың тақырыптарын өз бетінше айқындауға жол беріледі;

5) ата-аналарға арналған сабактар бағдарламасына зорлық-зомбылықты, жыныстық бұрмалануларды, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды бұзатын өзге де құбылыстарды насихаттауға бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған тақырыптарды енгізуге жол берілмейді.

4. Орталық қызметтің іс жүзінде іске асыру үшін білім беру ұйымдарына мыналар ұснынылады:

1) сауалнама арқылы ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша олардың қажеттіліктерін зерделеу;

2) ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі жұмыс туралы хабардар ету, сабакқа қатысушылардың тізімін жасау;

3) ата-аналарды қолдауды жүзеге асыратын педагогтерді оқытуды ұйымдастыру;

4) ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс қа мониторинг жүргізу;

5) ата-аналардың педагогикалық қолдауға қанағаттану деңгейін анықтау бойынша жылына бір рет сауалнама жүргізу;

6) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде өткізілетін іс-шараларды жария ету.

6) қорытынды іс-шараларды ұйымдастыру.

5. Интернет-ресурс болған жағдайда орта білім беру ұйымдарына «ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бөлімін құру ұснынылады, онда:

1) ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі жұмыс туралы ақпарат;

2) сабак кестесі;

3) ата-аналарға көмектесетін әдістемелік материал;

4) «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» цифрлық платформасына сілтеме орналастырылады.

### **3-тарау. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдаудың мазмұны, сабактардың және әлеуметтік серіктестіктің түрлері**

6. Сабактардың (басқа да іс-шаралардың) мазмұны орта білім үйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл-ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді.

7. Педагогикалық қолдау 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асыру ұсынылады.

8. Ата-аналарға бағыт беру, кездесулер, сабактар бағдарламасының мазмұнымен таныстыру 15 қыркүйекке дейін өткізіледі.

9. Педагогикалық қолдау бағдарламасы жылына сегіз сабакты қамтиды.

10. Сабактар әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б.), оның ішінде цифрлық ресурстарды қолдана отырып, онлайн және оффлайн режимде өткізілуі мүмкін.

11. Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылады: «Данаalyқ мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрменкелер, көрмелер, жорықтар, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар.

12. Ата-аналарды қолдау және өзара іс-қимыл жасау үшін Орталық цифрлық платформасы пайдалану ұсынылады, онда бөлімдер бойынша тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дәрістер, бейне ұсынымдар, бейне жағдайлар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, ресурстардың электрондық каталогы, психологтың кеңестері, тестілер, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, чек-парапттар, постерлер және басқалар қамтылады.

### **4-тарау. Орталықтың қызметін үйлестіру**

13. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларына ұсынылады:

1) ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша қызметті үйлестіру;

2) орта білім беру үйымдарында Орталықтың қызметін үйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;

3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім басқармаларының, оқу-әдістемелік орталықтар, орта білім беру үйымдары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

4) ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметке мониторинг жүргізу;

5) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат беру;

6) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.

14. Аудандық, қалалық білім білімдеріне ұсынылады:

1) орта білім беру үйымдарына Орталықтың қызметін үйымдастыруға ықпал ету;

2) білім беру үйымдарында Орталықтың қызметін үйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;

3) облыстық білім басқармаларына жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты ұсыну;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.